



Өз IQ-іңізге сенесіз бе?

Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильм, сапалық және сандық мәліметтер айырмашылығына кіріспе болып табылады. Фильм, адамдардың картаны есте сақтау қабілетін көрсетуден басталып, мына сұраққа келіп тіреледі: Бұл қабілет адам интеллектінің өлшемі бола ала ма? Әрі қарай, IQ (интеллект коэффициенті) тестіне анықтама беріліп, интеллекттің басқа сапалық көрсеткіштерімен салыстырылады. Интеллектуалдық тесттерді құру мәселесі қарастырылады. Фильм соңында, интеллектті анықтау қиын деген қорытынды жасалады.



Негізгі нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Сандық және сапалық мәліметтер айырмашылығын түсіну және оларды ажырата білу.
- Сандық мәліметтердің сапалық қасиеттерді өлшеуде қалай қолданылатынын түсіну.

Ұсынылатын жаттығулар

- Мәліметтер жиынын сапалық және сандық категорияларға жіктеңіз.
- Сапалық және сандық мәліметтерді жинақтауға арналған сауалнама құрастырыңыз.

Қосымша нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Өртүрлі график түрлері немесе сапалық және сандық мәліметтерге сәйкес келетін диаграммаларды бағалай білу.
- Дискретті және үздіксіз мәліметтер айырмашылығын түсіну.

Ұсынылатын жаттығулар

- Сапалық және сандық мәліметтерге сәйкес келетін диаграммалар мен график түрлерінің тізімін жасаңыз.
- Үздіксіз және дискретті мәліметтерді категориясы бойынша жіктеңіз.



Интеллект коэффициенті есте сақтау және мәселелерді шешу секілді бірнеше интеллект тесттері арқылы есептеп шығарылады.

Ұқсас фильмдер

Сабақ жоспарына дейін қолдану:

Сандар: Сандарсыз өмір

Бұл фильмде, “бір” санынан басқа сандарды мүлдем қолданбай өмір сүріп келе жатқан кейбір тайпалар туралы айтылады.

Пи: Пи санын жатқа айту

Бұл фильмде, Пи саны аясындағы ең көп цифрды есте сақтай алатын адамдар туралы сипатталады.

Сабақ жоспарынан кейін қолдану:

Өзге кісінің жеңісі

Бұл фильм, зерттеуді жасақтаудағы ауытқуларды қарастырады.

Айнымалылар: Сандар арқасындағы таныстық

Бұл фильмде, сандық және сапалық мәліметтердің әйелдер мен ер адамдар арасындағы құштарлықтың болу ықтималдығын анықтауда қолданылуы сипатталады.

Карта санаушы

Бұл фильм, математиктің карта ойынында ұту мүмкіндігін 50%-дан асыру үшін күрделі математиканы қолданғандығын баяндайды.

Сабақ жоспары

Кіріспе

Оқушыларға, суреттер немесе заттардың тізбегін, неліктен бұлай жасап жатқаныңызды айтпай тұрып, көрсетіңіз. Олар естеріне сақтаған заттарының барлығын жазып алып отырулары тиіс. Кімнің көп нәрсені есте сақтағанын тексеріңіз. Оқушылардан жинаған ұпайларының жоғары не төмен болуы нені білдіретінін сұраңыз.

Фильм көрсету

Өз IQ-іңізге сенесіз бе?

Негізгі жаттығулар

Негізгі деңгей

Оқушыларға әртүрлі, оның ішінде, бой мен салмақтан бастап, шашының түсі мен сүйікті тағамына дейінгі ақпараттарды қамтитын мәліметтер тізімін беріңіз. Мәліметтерді сапалық және сандық деп екіге жіктеуді тапсырыңыз. Сапалық ерекшеліктер туралы сандық мәліметтерді қалай алуға болатынын анықтаңыз. Мысалы, шаштары ашық түсті немесе қоңыр түсті адамдар саны, немесе толқын ұзындығы мен жарық жиілігі терминдерінде сипатталатын түстер. Бастапқы тізімді қайта қарап, “сандық” деңгейі бойынша жіктеңіз.

Негізгі жаттығулар жалғасы ...

Тереңдетілген деңгей

Үздіксіз және дискретті мәліметтерді анықтап, мысалдар келтіріңіз. Оқушыларға үздіксізділігі мен дискреттілігі бойынша сандық мәліметтерді жіктеуді тапсырыңыз. Орта мәнді анықтауда бұл айырмашылықтың қиындық келтіруін қарастырыңыз, мысалы, орташа отбасында 2-3 баладан болады; доллар бағамы 1:1,5434 ... (ұлттық валютаның бірлік бағамы үшін 1 доллар және 54,34 ... цент).

Қосымша жаттығулар

Оқушыларға сыныпқа арнап, интеллекттің түрлі аспектілерін бағалау мақсатында сауалнама құрастыруды тапсырыңыз. Оларға қанша сұрақтың жауабы сапалық, қаншасы сандық мәліметтерден тұратынын есептеп отыруды тапсырыңыз.

Міндетті емес қосымша тапсырмалар

Оқушыларға өздері білетін диаграммалар мен графиктердің барлық түрін тізіп шығуды тапсырыңыз. Әрі қарай, оларға әрбір нақты графиктің сапалық, сандық не мәліметтердің екі түріне де қолдануға болатынын анықтауды тапсырыңыз. Сызықтық диаграмма (дискретті мәліметтер) және гистограмма (үздіксіз мәліметтер) сияқты ерекше жағдайларды атап өтіңіз.

		2	6	4	9	8		
7	8		3	2	5			
9		4	7	1	8	2		
	4	8		7		5	2	
	9		2		4	6	7	8
	2	7	8	9		3	4	
4		9		8		7		2
2			9		7	4	8	6
8		3	4		2	1		

Адамның мозаиканы шешу жылдамдығы оның интеллект көрсеткіші бола ала ма?